



Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2020 жылғы 6 тамыздағы № 183 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 11 тамызда № 21077 болып тіркелді

З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і !

Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 4 т. қараңыз

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Су ресурстары комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жариялағаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларымен көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтердің ұсынылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік 21 (жиырма бір) күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Экология, геология және табиғи ресурстар министрі*

М. Мирзагалиев

"КЕЛІСІЛДІ"

**Қазақстан Республикасы
Индустрия және инфрақұрылымдық
даму министрлігі**

"КЕЛІСІЛДІ"

**Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі**

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

**Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің өзгерістер
енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі (бұдан әрі - Тізбе)**

"Су объектілерін және ауыз сумен жабдықтау көздерін пайдалану режимін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2011 жылғы 28 қыркүйектегі № 14-1/549 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7230 болып тіркелген, 2011 жылғы 29 қазанда "Егемен Қазақстан" газетінде № 346-347 (26737-26738) жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Су объектілерін және ауыз сумен жабдықтау көздерін пайдалану режимінде:

4 және 5-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Су пайдаланушы ағынды реттеу үшін арнайы су пайдалануға арналған рұқсатнама алғаннан кейін он бес күнтізбелік күн ішінде Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Су ресурстары комитетінің Су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі бассейндік инспекциясына (бұдан әрі - Бассейндік инспекция) осы Пайдалану режимінің қосымшасына сәйкес нысанда су қоймасын пайдалану режимін келісуге ұсынады.

5. Бассейндік инспекция ұсынылған Пайдалану режимін он бес күнтізбелік күні ішінде қарастырып, Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Су ресурстары комитетіне (бұдан әрі - Комитет) бекітуге ұсынады.

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның тиісті жылға арналған ресми деректерінің негізінде Бассейндік инспекция ұсынылған Пайдалану режиміне түзетулер енгізеді.";

7 және 8-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Пайдалану режимі бекітілген соң Комитет үш жұмыс күн ішінде Бассейндік инспекцияға бекітілген Пайдалану режимінің көшірмесін жолдайды.

8. Бассейндік инспекция бекітілген Пайдалану режимінің көшірмесін екі жұмыс күн ішінде су пайдаланушыға жазбаша түрде жолдайды.";

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Табиғи және техногенді сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде су пайдаланушы Пайдалану режимін жедел реттеу жөнінде шаралар қабылдайды және бұл туралы Бассейндік инспекцияны бір күнтізбелік күн ішінде жазбаша түрде хабардар етеді."

"Су объектілеріне жол берілетін шекті зиянды әсерлердің нормативтерін әзірлеу мен бекіту қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 15 мамырдағы № 19-1/441 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11811 болып тіркелген, 2015 жылғы 21 тамызда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Су объектілеріне жол берілетін шекті зиянды әсерлердің нормативтерін әзірлеу мен бекіту қағидаларында:

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Су объектілеріне ЖШЗӘ-нің келісілген нормативтерін су қорын пайдалану мен қорғау, сумен жабдықтау, су бұру саласындағы уәкілетті орган ведомствосы бекітеді."

3. "Су қорғау аймақтары мен белдеулерін белгілеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 18 мамырдағы № 19-1/446 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11838 болып тіркелген, 2015 жылғы 21 тамызда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Су қорғау аймақтары мен белдеулерін белгілеу қағидаларында:

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Су қорғау аймақтарын, белдеулерін және оларды шаруашылықта пайдалану режимін облыстардың республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары Су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі бассейндік инспекциялармен, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органмен, қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органмен, жер қатынастары жөніндегі уәкілетті органмен, ал сел қаупі бар аудандарда - азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органмен келісіліп, бекітілген жобалау құжаттамасы негізінде белгілейді."

4. "Суларды және олардың пайдаланылуын мемлекеттік есепке алуды, мемлекеттік су кадастрын және су объектілерінің мемлекеттік мониторингін жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 31 шілдедегі № 19-1/718 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12109 болып тіркелген, 2015 жылдың 6 қазанында "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Суларды және олардың пайдаланылуын мемлекеттік есепке алуды, мемлекеттік су кадастрын және су объектілерінің мемлекеттік мониторингін жүргізу қағидаларында:

1-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"1-тарау. Жалпы ережелер";

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Су қорын пайдалану мен қорғау, сумен жабдықтау, су бұру саласындағы уәкілетті органның ведомствосы (бұдан әрі - уәкілетті орган ведомствасы) мемлекеттік органдардан алынған мемлекеттік мониторингінің бастапқы материалдарын жинауды, қорытуды, талдау мен бағалауды қамтамасыз етеді.";

2-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"2-тарау. Мемлекеттік есепке алуды жүргізу тәртібі су объектілерін пайдалану, мемлекеттік мониторингі";

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Уәкілетті органның ведомствосы суларды және олардың пайдаланылуын мемлекеттік есепке алуды, жер үсті су объектілерінің мемлекеттік мониторингі бөлігінде:

1) мемлекеттік органдардың суларды және олардың пайдаланылуын мемлекеттік есепке алуды, су объектілерінің мемлекеттік мониторингін жүргізумен байланысты жұмысын үйлестіреді;

2) ведомстволық бағыныстағы су шаруашылығы жүйелері мен құрылыстарда су мониторингі мен оны есепке алуды жүзеге асырады;

3) бастапқы су пайдаланушыларды тіркеуді жүзеге асырады;

4) су пайдаланушылардың суды бастапқы есепке алуды дұрыс жүргізуін бақылайды, сондай-ақ су пайдаланушылардың есептілігі негізінде су пайдалануды есепке алуды жүзеге асырады;

5) қоршаған ортаны қорғау, жер қойнауын зерттеу және пайдалану саласындағы уәкілетті органдарға жер үсті суларын пайдалануды есепке алу жөніндегі қорытылған деректерді тегін береді;

6) ұлттық гидрометеорологиялық қызметіне осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес уәкілетті орган ведомствосының өңірлік органдарының ұлттық гидрометеорологиялық қызметіне, азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшелеріне, сондай-ақ уәкілетті орган ведомствосының өңірлік органдарының ұлттық гидрометеорологиялық қызметіне, дағдарыс жағдайларында басқару орталығына және азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшелеріне ұсынатын жедел гидрологиялық ақпараттардың тізбесінде көрсетілген ақпаратты дағдарыс жағдайларында басқару орталығына тегін береді;

7) су объектілерінің жай-күйі мен су ресурстарының пайдаланылуы туралы деректерді жыл сайын қорытады, ақпаратты өңдеуді, жинақтауды, сақтауды, таратуды жүргізеді";

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Су пайдаланушылар:

1) "Жер қойнауының жай-күйі туралы геологиялық есептілікті ұсыну нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 27 ақпандағы № 254 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде № 10833 болып тіркелген) және "Судың бастапқы есебінің қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 наурыздағы № 19/1-274 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде № 11131 болып тіркелген) сәйкес тәртіпте бастапқы есеп жүргізеді;

2) су жинау және су ағызу құрылыстарын су шығысы мен деңгейін өлшеу құралдарымен жабдықтайды, сондай-ақ өздігінен ағып жатқан ұңғымаларда реттеуші құрылғылар орнатады және стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі мемлекеттік органдарында оларды тексеруді және аттестаттауды қамтамасыз етеді;

3) өз зертханаларында немесе мемлекеттік аттестатталған басқа кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің зертханаларында ағызылатын сулардың химиялық құрамын анықтауды қамтамасыз етеді;

4) ластаушы заттардың авариялық ағызылуы туралы, сондай-ақ су объектілерінен су алу және оларға су ағызудың белгіленген режимінің бұзылуы туралы шұғыл ақпаратты уәкілетті органның ведомствосына, жер қойнауын зерттеу және пайдалану жөніндегі (жер асты сулары бойынша), қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті орган ведомствосының тиісті аумақтық бөлімшесіне береді.";

3-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"3-тарау. Мемлекеттік су кадастрын жүргізу тәртібі";

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"10. МСК-ны жүргізуді уәкілетті орган қоршаған ортаны қорғау (жер үсті сулары бойынша) саласындағы уәкілетті органның ведомствосымен және жер қойнауын зерттеу және пайдалану жөніндегі уәкілетті органмен (жер асты сулары бойынша) бірлесіп жүзеге асырады.

МСК деректері өзендер, теңіздер, мұздақтар мен көлдер, су шаруашылығы бассейндері мен учаскелері бойынша, облыстар және жалпы Қазақстан Республикасы бойынша, ал жер асты сулары бөлімі бойынша қосымша - гидрогеологиялық өңірлер мен бассейндер бойынша жүйелендіріледі және басып шығарылады.";

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"12. МСК жүргізу жүйесінің біртұтастығын (тиісті бөлімдер бойынша) қамтамасыз ету және жалпы мемлекеттік су кадастрын жүргізу жөніндегі жұмыстарды үйлестіру үшін уәкілетті орган үйлестіру-сарапшылық кеңесін құрады, оның құрамына тепе-тең бастамада уәкілетті орган ведомствосының, жер қойнауын зерттеу және пайдалану жөніндегі уәкілетті органның және қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның өкілдері енеді."

14-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"14. МСК басылымдарын баспасөзге шығаруға және жариялауға дайындауды уәкілетті органның ведомствосы жүзеге асырады және Экологиялық кодекстің 151-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының табиғи ресурстары мемлекеттік кадастрларының бірыңғай жүйесіне орналастыру үшін қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға береді.";

көрсетілген қағидаларға 1, 2, 3 және 4-қосымшалар осы тізбеге 1, 2, 4 және 5-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

5. "Арнайы су пайдалануға рұқсат алуға өтініштің нысанын және арнайы су пайдалануға рұқсаттың нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы № 19-1/1051 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12626 болып тіркелген, 2016 жылғы 15 қаңтарда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген, су пайдалануға рұқсат алуға өтініштің нысаны осы Тізбеге 5-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрлігінің кейбір
бұйрықтарына өзгерістер
енгізілетін тізбеге
1-қосымша
Суларды және олардың
пайдаланылуын мемлекеттік
есепке алуды, мемлекеттік су
кадастрын және су
объектілерінің мемлекеттік
мониторингін жүргізу
қағидаларына
1-қосымша

Уәкілетті орган ведомствосының өңірлік органдарының ұлттық гидрометеорологиялық қызметіне, дағдарыс жағдайларында басқару орталығына және азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшелеріне ұсынатын жедел гидрологиялық ақпараттардың тізбесі

Р/с №	Су қоймасының атауы	Ақпарат түрі	Кезеңділігі
1	2	3	4
Ақмола облысы			
			жыл бойы немесе он күндікте 1 р е т ;

1.	Астана	су қоймасының деңгейі және көлемі туралы мәліметтер	су тасуы кезеңінде күн сайын (су тасқыны).
		су қоймасына ағып келген және ағызылған су туралы мәліметтер	күн сайын
2.	Сілеті	су қоймасының деңгейі және көлемі туралы мәліметтер	су тасуы кезеңінде
3.	Шағылы	су қойманың деңгейі және көлемі туралы мәліметтер	су тасуы кезеңінде
Ақтөбе облысы			
4.	Ақтөбе	су қоймасының деңгейі және көлемі туралы мәліметтер	су тасуы кезеңінде күн сайын
5.	Қарғалы	су қоймасының деңгейі және көлемі туралы мәліметтер	су тасуы кезеңінде күн сайын
Алматы облысы			
6.	Бартоғай	су қоймасының деңгейі және көлемі туралы мәліметтер	жыл бойы немесе он күндікте 1 рет
		су қоймасына ағып келген және ағызылған су туралы мәліметтер	күн сайын
7.	Күрті	су қоймасының деңгейі және көлемі туралы мәліметтер	жыл бойы немесе он күндікте 1 рет
		су қоймасына ағып келген және ағызылған су туралы мәліметтер	күн сайын
Жамбыл облысы			
8.	Тасөткел	су қоймасының деңгейі және көлемі туралы мәліметтер	жыл бойы немесе он күндікте 1 рет
		су қоймасына ағып келген және ағызылған су туралы мәліметтер	күн сайын
9.	Теріс-Ащыбұлақ	су қоймасының деңгейі және көлемі туралы мәліметтер	жыл бойы немесе он күндікте 1 рет
		су қоймасына ағып келген және ағызылған су туралы мәліметтер	күн сайын
Қарағанды облысы			
10.	Жезді	су қоймасының деңгейі және көлемі туралы мәліметтер	су тасуы кезеңінде күн сайын
11.	Кеңгір	су қоймасының деңгейі және көлемі туралы мәліметтер	су тасуы кезеңінде күн сайын
12.	Самарқанд	су қоймасының деңгейі және көлемі туралы мәліметтер	жыл бойы немесе он күндікте 1 рет
		су қоймасына ағып келген және ағызылған су туралы мәліметтер	күн сайын
13.	Топар	су қоймасының деңгейі және көлемі туралы мәліметтер	жыл бойы немесе он күндікте 1 рет
		су қоймасына ағып келген және ағызылған су туралы мәліметтер	күн сайын
Қостанай облысы			

14.	Желкуар	су қоймасының деңгейі және көлемі туралы мәліметтер	су тасуы кезеңінде күн сайын
15.	Жоғарғы Тобыл	су қоймасының деңгейі және көлемі туралы мәліметтер	су тасуы кезеңінде күн сайын
16.	Қаратомар	су қоймасының деңгейі және көлемі туралы мәліметтер	су тасуы кезеңінде күн сайын
Түркістан облысы			
17.	Бадам	су қоймасының деңгейі және көлемі туралы мәліметтер	жыл бойы немесе он күндікте 1 рет
		су қоймасына ағып келген және ағызылған су туралы мәліметтер	күн сайын
18.	Бөген	су қоймасының деңгейі және көлемі туралы мәліметтер	жыл бойы немесе он күндікте 1 рет
		су қоймасына ағып келген және ағызылған су туралы мәліметтер	күн сайын
Солтүстік Қазақстан облысы			
19.	Сергеев	су қоймасының деңгейі және көлемі туралы мәліметтер	жыл бойы немесе он күндікте 1 р е т ; су тасуы кезеңінде күн сайын (су тасқыны).
		су қоймасына ағып келген және ағызылған су туралы мәліметтер	күн сайын

1. Сырдария өзеніндегі су алу туралы күн сайынғы мәліметтері - суару кезеңінде;
2. Арыс каналына су алудың онкүндік шамасы - жыл бойы.

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрлігінің кейбір
бұйрықтарына өзгерістер
енгізілетін тізбеге
2-қосымша

Суларды және олардың
пайдаланылуын мемлекеттік
есепке алуды, мемлекеттік су
кадастрын және су
объектілерінің мемлекеттік
мониторингін жүргізу
қағидаларына
2-қосымша

Ұлттық гидрометеорологиялық қызметтің уәкілетті органның ведомствосына және оның өңірлік органдарына, дағдарыс жағдайларында басқару орталығына және азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшелеріне ұсынатын болжамдық және гидрологиялық ақпараттардың тізбесі

--	--	--	--	--

Р/с №	Ақпарат түрі	Кезеңділігі	Ақпаратты беретін ұйым	Ақпаратты алатын ұйым
1	2	3	4	5
1	Қазақстанның бассейндеріндегі 1 ақпандағы деректер бойынша су қорының жиналуы және су тасуы және суару кезеңінде күтілетін өзен сулылығы туралы консультациялық анықтама	Жылына бір рет (алдын ала болжам)	Ұлттық гидрометеорологиялық қызметі	уәкілетті органның ведомствосы және оның бассейндік инспекциялар, азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган ведомствосының дағдарыс жағдайларында басқару орталығы және оның аумақтық бөлімшелері
2	Қазақстанның бассейндеріндегі 1 наурыздағы деректер бойынша су қорының жиналуы және су тасуы және суару кезеңінде күтілетін өзен сулылығы туралы консультациялық анықтама	Жылына бір рет (негізгі болжам, қажеттілік бойынша болжам нақтыланады)	Ұлттық гидрометеорологиялық қызметі	уәкілетті органның ведомствосы және оның бассейндік инспекциялар, азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган ведомствосының дағдарыс жағдайларында басқару орталығы және оның аумақтық бөлімшелері
3	Ашу мерзімінің болжамы (Ертіс, Сырдария)	Жылына бір рет (қажеттілік бойынша болжам нақтыланады)	Ұлттық гидрометеорологиялық қызметі және оның филиалдары	уәкілетті органның ведомствосы және оның бассейндік инспекциялар, азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган ведомствосының дағдарыс жағдайларында басқару орталығы және оның аумақтық бөлімшелері
4	Жүзбе мұздың пайда болуының және мұзқұрсаудың анықталуының болжамы (Ертіс, Сырдария, Іле)	Жылына бір рет (қажеттілік бойынша болжам нақтыланады)	Ұлттық гидрометеорологиялық қызметі және оның филиалдары	уәкілетті органның ведомствосы және оның бассейндік инспекциялар, азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган ведомствосының дағдарыс жағдайларында басқару орталығы және оның аумақтық бөлімшелері
5	Түркістан, Жамбыл, Алматы және Шығыс Қазақстан облыстарының таулы өзендерінің бассейндеріндегі 1 сәуірдегі деректер бойынша ылғал қорының жиналуы туралы консультациялық анықтама және суару кезеңіндегі сулылыққа болжам	Жылына бір рет (1 сәуірге берілген деректер бойынша негізгі болжам, қажеттілік бойынша болжам нақтыланады)	Ұлттық гидрометеорологиялық қызметі және оның филиалдары	уәкілетті органның ведомствосы және оның бассейндік инспекциялар, азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган ведомствосының дағдарыс жағдайларында басқару орталығы және оның аумақтық бөлімшелері
				уәкілетті органның ведомствосы және оның

6	Қазақстан Республикасы бойынша күн сайынғы гидрологиялық бюллетені	Күн сайын (демалыс және мерекелік күндерін қоспағанда)	Ұлттық гидрометеорологиялық қызметі және оның филиалдары	бассейндік инспекциялар, азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган ведомствосының дағдарыс жағдайларында басқару орталығы және оның аумақтық бөлімшелері
7	Сырдария өзенінде мұзқұрсау кезеңіндегі су-мұз жағдайы туралы анықтама	1 желтоқсаннан бастап тұрған мұздың бұзылу күніне дейін күн сайын (демалыс және мерекелік күндерін қоспағанда)	Ұлттық гидрометеорологиялық қызметі және оның филиалдары	уәкілетті органның ведомствосы және оның бассейндік инспекциялар, азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган ведомствосының дағдарыс жағдайларында басқару орталығы және оның аумақтық бөлімшелері
Ақмола облысы				
8	Өзендердің күтілетін сулылығы туралы консультациялық анықтама	Жылына бір рет (1 наурызға берілген деректер бойынша негізгі болжам, қажеттілік бойынша болжам нақтыланады)	Ұлттық гидрометеорологиялық қызметтің Ақмола филиалы	уәкілетті органның ведомствосы және Су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі Есіл бассейндік инспекциясы, дағдарыс жағдайларында басқару орталығы және азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесі
9	Өзендер бойынша барынша жоғарғы су деңгейінің болжамы	Жылына бір рет (1 наурызға берілген деректер бойынша негізгі болжам, қажеттілік бойынша болжам нақтыланады)		
10	Өзендердің гидрологиялық деректері (су шығысы, деңгейі, температурасы, мұз құбылысы)	Су тасуы кезеңінде күн сайын		
Ақтөбе облысы				
11	Өзендердің күтілетін сулылығы туралы консультациялық анықтама	Жылына бір рет (1 наурызға берілген деректер бойынша негізгі болжам, қажеттілік бойынша болжам нақтыланады)		уәкілетті органның ведомствосы және Су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі Жайық-Каспий

12	Өзендер бойынша барынша жоғарғы су деңгейінің болжамы	Жылына бір рет (1 наурызға берілген деректер бойынша негізгі болжам, қажеттілік бойынша болжам нақтыланады)	Ұлттық гидрометеорологиялық қызметтің Ақтөбе филиалы	бассейндік инспекциясының Ақтөбе учаскесі, дағдарыс жағдайларында басқару орталығы және азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесі
13	Өзендердің гидрологиялық деректері (су шығысы, деңгейі, температурасы, мұз құбылысы)	Су тасуы кезеңінде күн сайын		
Алматы облысы				
14	Өзендер мен су қоймаларындағы су балансы: Балқаш көлі бойынша Қапшағай су қоймасы бойынша	Жылына бір рет Айына бір рет		уәкілетті органның ведомствосы және Су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі Балқаш-Алакөл бассейндік инспекциясы
15	Ай сайынғы және 2 және 4-тоқсандардағы Қапшағай су қоймасына ағып келген судың болжамы	Ай сайын, 1 наурыздағы және 1 сәуірдегі деректер бойынша жылына бір рет		
16	Өзендердің гидрологиялық деректері (су шығысы, деңгейі, температурасы, мұз құбылысы)	Күн сайын	Ұлттық гидрометеорологиялық қызметтің Алматы филиалы	уәкілетті органның ведомствосы және Су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі Балқаш-Алакөл бассейндік инспекциясы, дағдарыс жағдайларында басқару орталығы және азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесі
17	1 наурыздағы деректер бойынша суару кезеңіндегі өзендердің күтілетін сулылығы туралы консультациялық анықтама	Жылына бір рет (1 наурызға берілген деректер бойынша негізгі болжам)		
18	1 сәуірдегі деректер бойынша суару кезеңіндегі өзендердің күтілетін сулылығы туралы консультациялық анықтама	Жылына бір рет (1 сәуірге берілген деректер бойынша негізгі болжам, қажеттілік бойынша болжам нақтыланады)		
Атырау облысы				
		Жылына бір рет (1 наурызға берілген деректер бойынша)		

19	Өзендердің күтілетін сулылығы туралы консультациялық анықтама	негізгі болжам, қажеттілік бойынша болжам нақтыланады)	Ұ л т т ы қ гидрометеорологиялық қызметтің Атырау филиалы	уәкілетті органның ведомствосы және Су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі Жайық-Каспий бассейндік инспекциясы, дағдарыс жағдайларында басқару орталығы және азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесі
20	Өзендер бойынша барынша жоғарғы су деңгейінің болжамы	Жылына бір рет (1 наурызға берілген деректер бойынша негізгі болжам, қажеттілік бойынша болжам нақтыланады)		
21	Өзендердің гидрологиялық деректері (су шығысы, деңгейі, температурасы, мұз құбылысы)	Су тасуы кезеңінде күн сайын		

Батыс Қазақстан облысы

22	Өзендердің күтілетін сулылығы туралы консультациялық анықтама	Жылына бір рет (1 наурызға берілген деректер бойынша негізгі болжам, қажеттілік бойынша болжам нақтыланады)	Ұ л т т ы қ гидрометеорологиялық қызметтің Батыс Қазақстан филиалы	уәкілетті органның ведомствосы және Су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі Жайық-Каспий бассейндік инспекциясының Батыс Қазақстан учаскесі, дағдарыс жағдайларында басқару орталығы және азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесі
23	Өзендер бойынша барынша жоғарғы су деңгейінің болжамы	Жылына бір рет (1 наурызға берілген деректер бойынша негізгі болжам, қажеттілік бойынша болжам нақтыланады)		
24	Өзендердің гидрологиялық деректері (су шығысы, деңгейі, температурасы, мұз құбылысы)	Су тасуы кезеңінде күн сайын		

Жамбыл облысы

25	1 наурыздағы деректер бойынша суару кезеңіндегі өзендердің күтілетін сулылығы туралы консультациялық анықтама	Жылына бір рет (1 наурызға берілген деректер бойынша негізгі болжам)		уәкілетті органның ведомствосы және Су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі Шу-Талас
		Жылына бір рет (1 сәуірге		

26	1 сәуірдегі деректер бойынша суару кезеңіндегі өзендердің күтілетін сулылығы туралы консультациялық анықтама	берілген деректер бойынша негізгі болжам, қажеттілік бойынша болжам нақтыланады)	Ұ л т т ы қ гидрометеорологиялық қызметтің Жамбыл филиалы	бассейндік инспекциясы, дағдарыс жағдайларында басқару орталығы және азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшес
27	Өзендердің гидрологиялық деректері (су шығысы, деңгейі, температурасы, мұз құбылысы)	Күн сайын		
Қарағанды облысы				
28	Өзендердің күтілетін сулылығы туралы консультациялық анықтама	Жылына бір рет (1 наурызға берілген деректер бойынша негізгі болжам, қажеттілік бойынша болжам нақтыланады)	Ұ л т т ы қ гидрометеорологиялық қызметтің Қарағанды филиалы	уәкілетті органның ведомствосы және Су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі Нұра-Сарысу бассейндік инспекциясы, дағдарыс жағдайларында басқару орталығы және азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесі
29	Өзендер бойынша барынша жоғарғы су деңгейінің болжамы	Жылына бір рет (1 наурызға берілген деректер бойынша негізгі болжам, қажеттілік бойынша болжам нақтыланады)		
30	Өзендердің гидрологиялық деректері (су шығысы, деңгейі, температурасы, мұз құбылысы)	Су тасуы кезеңінде күн сайын		
Қостанай облысы				
31	Өзендердің күтілетін сулылығы туралы консультациялық анықтама	Жылына бір рет (1 наурызға берілген деректер бойынша негізгі болжам, қажеттілік бойынша болжам нақтыланады)	Ұ л т т ы қ гидрометеорологиялық қызметтің Қостанай филиалы	уәкілетті органның ведомствосы және Су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі Тобыл-Торғай бассейндік инспекциясы, дағдарыс жағдайларында басқару орталығы және азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган
32	Өзендер бойынша барынша жоғарғы су деңгейінің болжамы	Жылына бір рет (1 наурызға берілген деректер бойынша негізгі болжам,		

		қажеттілік бойынша болжам нақтыланады)		ведомствосының аумақтық бөлімшесі
33	Өзендердің гидрологиялық деректері (су шығысы, деңгейі, температурасы, мұз құбылысы)	Су тасуы кезеңінде күн сайын		
Қызылорда облысы				
34	Өзендердің гидрологиялық деректері (су шығысы, деңгейі, температурасы, мұз құбылысы)	Күн сайын	Ұлттық гидрометеорологиялық қызметтің Қызылорда филиалы	уәкілетті органның ведомствосы және Су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі Арал-Сырдария бассейндік инспекциясы
		1 желтоқсаннан 1 сәуір кезеңінде		дағдарыс жағдайларында басқару орталығы және азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесі
Маңғыстау облысы				
35	Каспий теңізінің деңгейі туралы гидрологиялық деректер	Ай сайын	Ұлттық гидрометеорологиялық қызметтің Маңғыстау филиалы	уәкілетті органның ведомствосы және Су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі Жайық-Каспий бассейндік инспекциясының Маңғыстау учаскесі, дағдарыс жағдайларында басқару орталығы және азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесі
Түркістан облысы				
36	1 наурыздағы деректер бойынша суару кезеңіндегі өзендердің күтілетін сулылығы туралы консультациялық анықтама	Жылына бір рет (1 наурызға берілген деректер бойынша негізгі болжам)	Ұлттық гидрометеорологиялық қызметтің Оңтүстік Қазақстан филиалы	уәкілетті органның ведомствосы және Су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі Арал-Сырдария бассейндік инспекциясының Оңтүстік Қазақстан учаскесі, дағдарыс жағдайларында басқару орталығы және азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесі
	1 сәуірдегі деректер бойынша суару кезеңіндегі өзендердің күтілетін сулылығы туралы консультациялық анықтама	Жылына бір рет (1 сәуірге берілген деректер бойынша негізгі болжам, қажеттілік бойынша болжам нақтыланады)		

38	Өзендердің гидрологиялық деректері (су шығысы, деңгейі, температурасы, мұз құбылысы)	Күн сайын		
Павлодар облысы				
39	1 наурыздағы деректер бойынша суару кезеңіндегі өзендердің күтілетін сулылығы туралы консультациялық анықтама	Жылына бір рет (1 наурызға берілген деректер бойынша негізгі болжам)	Ұ л т т ы қ гидрометеорологиялық қызметтің Павлодар филиалы	уәкілетті органның ведомствосы және Су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі Ертіс бассейндік инспекциясының Павлодар учаскесі, дағдарыс жағдайларында басқару орталығы және азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесі
40	1 сәуірдегі деректер бойынша суару кезеңіндегі өзендердің күтілетін сулылығы туралы консультациялық анықтама	Жылына бір рет (1 сәуірге берілген деректер бойынша негізгі болжам, қажеттілік бойынша болжам нақтыланады)		
41	Өзендердің гидрологиялық деректері (су шығысы, деңгейі, температурасы, мұз құбылысы)	Су тасуы кезеңінде күн сайын		
Солтүстік Қазақстан облысы				
42	Өзендердің күтілетін сулылығы туралы консультациялық анықтама	Жылына бір рет (1 наурызға берілген деректер бойынша негізгі болжам, қажеттілік бойынша болжам нақтыланады)	Ұ л т т ы қ гидрометеорологиялық қызметтің Солтүстік Қазақстан филиалы	уәкілетті органның ведомствосы және Су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі Есіл бассейндік инспекциясының Солтүстік Қазақстан учаскесі, дағдарыс жағдайларында басқару орталығы және азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесі
43	Өзендер бойынша барынша жоғарғы су деңгейінің болжамы	Жылына бір рет (1 наурызға берілген деректер бойынша негізгі болжам, қажеттілік бойынша болжам нақтыланады)		
44	Өзендердің гидрологиялық деректері (су шығысы, деңгейі, температурасы, мұз құбылысы)	Су тасуы кезеңінде күн сайын		
Шығыс Қазақстан облысы				
45	Бұқтырма су қоймасына ағып келген судың айлардағы және тиісті тоқсандағы болжамы	Ай сайын, тоқсанына бір рет		

46	Шұлбі су қоймасына ағып келген судың айлардағы және тиісті тоқсандағы болжамы	Ай сайын, тоқсанына бір рет	Ұлттық гидрометеорологиялық қызметі және оның Шығыс Қазақстан филиалы	уәкілетті органның ведомствосы және Су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі Ертіс бассейндік инспекциясы, дағдарыс жағдайларында басқару орталығы және азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесі
47	Оба және Үлбі өзендерінің жалпы ағынының болжамы	Табиғатты қорғау су тастаулар жүргізу кезеңінде күн сайын		
48	Табиғатқорғау су тастаулар жүргізу кезеңіндегі Бұқтырма және Шұлбі су қоймаларына ағып келген судың нақты деректері	Табиғатты қорғау су тастаулар жүргізу кезеңінде күн сайын		
49	1 наурыздағы деректер бойынша суару кезеңіндегі өзендердің күтілетін сулылығы туралы консультациялық анықтама	Жылына бір рет (1 наурызға берілген деректер бойынша негізгі болжам)		
50	1 сәуірдегі деректер бойынша суару кезеңіндегі өзендердің күтілетін сулылығы туралы консультациялық анықтама	Жылына бір рет (1 сәуірге берілген деректер бойынша негізгі болжам, қажеттілік бойынша болжам нақтыланады)		
51	Өзендердің гидрологиялық деректері (су шығысы, деңгейі, температурасы, мұз құбылысы)	Күн сайын		уәкілетті органның ведомствосы және Су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі Ертіс бассейндік инспекциясы
		Су тасуы кезеңінде күн сайын		

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрлігінің кейбір
бұйрықтарына өзгерістер
енгізілетін тізбеге
3-қосымша

Суларды және олардың
пайдаланылуын мемлекеттік
есепке алуды, мемлекеттік су

**Ұлттық гидрометеорологиялық қызметтің уәкілетті органның ведомствосына
және оның өңірлік органдарына ұсынатын режимді-анықтамалық
ақпараттардың тізбесі**

Келесі гидрологиялық бекеттер бойынша өткен жылғы орташа айлық және орташа жылдық су жұмсау:	
1	2
Ақмола облысы	
1	Есіл өзені-Вологодоновка ауылы
2	Есіл өзені-Тургеновка ауылы
3	Жабай өзені-Атбасар қаласы
4	Жабай өзені-Балкашино ауылы
5	Қалқұтан өзені-Қалқұтан ауылы
6	Мойылды-Николаевка ауылы
7	Нұра өзені-Қошқарбаев ауылы
8	Сілеті өзені-Изобильное ауылы
9	Сілеті өзені-Приречное ауылы
10	Шағалалы өзені-Павловка ауылы
Ақтөбе облысы	
11	Қарғалы өзені-Қарағалы ауылы
12	Қарахобда-Алпасай кенті
13	Қосістек өзені-Қосістек ауылы
14	Ор өзені-Бөгетсай кенті
15	Темір өзені-Ленинский кенті
16	Темір өзені-Сағашилі ауылы
17	Уіл өзені-Уіл кенті
18	Үлкен Хобда өзені-Қобда ауылы
19	Ырғыз өзені-Шеңбертал кенті
20	Ілек өзені-Ақтөбе қаласы
Алматы облысы	
21	Ақсу өзені-Матай темір жол станциясы
22	Басқан өзені-Екі аша ауылы
23	Бұтақ өзені-Бұтақ ауылы
24	Быжы өзені-Красногоровка ауылы
25	Есік өзені-Есік қаласы
26	Көксу өзені-Көксу ауылы
27	Көктал өзені-Аралтөбе ауылы
28	Күрті өзені-Ленин көпірі

29	Кіші Алматы-Алматы қаласы
30	Кіші Алматы-Мыңжылқы
31	Кіші Алматы-Сарысай өзені құйылмасынан төмен
32	Қараой өзені-Текелі қаласы
33	Қаратал өзені-Ақжар ауылы
34	Қарқара өзені-Таудан шыға бере
35	Қаскелең өзені-Қаскелең қаласы
36	Қорғас өзені-Басқұншы ауылынан 8 километр жоғары
37	Лепсі өзені-Лепсі қаласы
38	Лепсі өзені-Төлебаев ауылы
39	Проходная өзені-саға
40	Сарықан өзені-Сарқанд қаласы
41	Текелі өзені-Текелі қаласы
42	Текес өзені-Текес ауылы
43	Тентек өзені-Төңкеріс шатқалы
44	Теріс бұтақ бұлағы-саға
45	Түрген өзені-Таутүрген ауылы
46	Үлкен Алматы-Үлкен Алматы өзенінен 2 километр жоғары
47	Шарын өзені-Сарытоғай шатқалы
48	Шыжың өзені-Текелі қаласы
49	Шілік өзені-Малыбай ауылы
50	Іле өзені-Добын айлағы
51	Іле өзені-Қапшағай СЭС 164 километр жоғары
52	Іле өзені-Қапшағай шатқалы (СЭС 37 километр төмен)
Атырау облысы	
53	Жайық өзені-Махамбет кенті
Батыс Қазақстан облысы	
54	Жайық өзені-Күшім ауылы
55	Күперанқаты өзені-Алғабас ауылы
56	Күшім каналы-Күшім ауылы
57	Шаған өзені-Чувашинское кенті
58	Ілек өзені-Шілік ауылы
Жамбыл облысы	
59	Аса өзені-Маймақ теміржол станциясы
60	Құрағаты өзені-Аспара теміржол станциясы
61	Мерке өзені (каналы)-Ұлбұтой қыстағы
62	Талас өзені-Жасөркен ауылы
63	Теріс өзені-Нұрлыкент ауылы
64	Шу өзені-Қайнар ауылы
65	Шу өзені-Тасөткел ауылы
66	Шу өзені (Кіші Арна)-Ұланбел ауылы

67	Шу өзені (Үлкен Арна)-Ұланбел ауылы
Қарағанды облысы	
68	Мойынты өзені-Киік темір жол станциясы
69	Нұра өзені-Ақмешіт ауылы
70	Нұра өзені-Балықты темір жол станциясы
71	Нұра өзені-Бесоба ауылы
72	Нұра өзені-Шешенқара ауылы
73	Сарысу өзені-189 километр разезді
74	Талды өзені-Новостройка ауылы
75	Тоқырауын өзені-Ақтоғай ауылы
76	Шерубайнұра өзені-Қарамұрын разезді
Қостанай облысы	
77	Аят өзені-Варвинка ауылы
78	Дәмді өзені-Дәмді ауылы
79	Желкуар өзені-Чайковское ауылы
80	Қамысты - Әйет өзені-Свердловка кенті
81	Қараторғай өзені-Үрпек кенті
82	Обаған өзені-Ақсуат
83	Сарыторғай өзені-Екідің кенті
84	Тобыл өзені-Аққарға ауылы
85	Тобыл өзені-Грищенко ауылы
86	Тобыл өзені-Қостанай қаласы
87	Тобыл өзені-Милютинка ауылы
88	Тоғызак өзені-Тоғызак санциясы
89	Торғай өзені-Түсім құмы
90	Үй өзені-Үй ауылы
Қызылорда облысы	
91	Сырдария өзені-Қала типті Жосалы кентінің Қараөзек тармағы
92	Сырдария өзені-Керікелмес разезді
93	Сырдария өзені-Қазалы қаласы
94	Сырдария өзені-Қаратерең ауылы
95	Сырдария өзені-Тасбөгет кенті
96	Сырдария өзені-Төмен арық темір жол станциясы
Түркістан облысы	
97	Ақсу өзені-Сарқырама ауылы
98	Арыстанды өзені-Алғабас ауылы
99	Ашылған өзені-Майдантал ауылы
100	Бадам өзені-Қараспан ауылы
101	Болдырбек өзені-Мемлекеттік қорық кордоны
102	Боролдай өзені-Боролдай ауылы
103	Бөген өзені-Екпінді ауылы
104	Жабағылысу өзені-Жабағылы ауылы

105	Келес өзені-саға
106	Қарашірік өзені-Хан тағы ауылы
107	Қаттабүтін өзені-Жарықбас ауылы
108	Көкбұлақ өзені-Пістелі ауылы
109	Сайрам өзені-Тасарық ауылы
110	Сырдария өзені-Келес өзені сағасынан жоғары
111	Сырдария өзені-Шардара су қоймасының төменгі бьефі
Павлодар облысы	
112	Ертіс өзені-Прииртышское
Солтүстік Қазақстан облысы	
113	Аққанбұрлық өзені-Ковыльное ауылы
114	Аққанбұрлық өзені-Привольное ауылы
115	Есіл өзені-Долматова ауылы
116	Есіл өзені-Западное ауылы
117	Есіл өзені-Петропавловск қаласы
118	Иманбұрлық өзені-Соколовка ауылы
119	Шағалалы өзені-Северное ауылы
Шығыс Қазақстан облысы	
120	Аякөз өзені-Аякөз кенті
121	Аякөз өзені-Тарбағатай ауылы (Қазанның 40 жылдығы атындағы колхоз)
122	Бестеректі өзені-Мойылды ауылы
123	Бұқгырма өзені-Орманды айлағы ауылы
124	Бұқгырма өзені-Печи ауылы
125	Еміл өзені-Қызылту кенті
126	Ертіс өзені-Семиярка ауылы
127	Күршім өзені-Вознесенка ауылы
128	Қалжыр өзені-Қалжыр ауылы
129	Қара Ертіс-Боран кенті
130	Левая Березовка өзені-Средигорное ауылы
131	Нарын өзені-Үлкен Нарын ауылы
132	Оба өзені-Шемонайха ауылы
133	Үлбі өзені-Үлбі Первалочная ауылы
134	Үлкен Бөкен-Жұмба ауылы

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрлігінің кейбір
бұйрықтарына өзгерістер
енгізілетін тізбеге
4-қосымша

Суларды және олардың
пайдаланылуын мемлекеттік
есепке алуды, мемлекеттік су
кадастрын және су
объектілерінің мемлекеттік

Азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган ведомствосының "
Қазселденқорғау" мемлекеттік мекемесінің уәкілетті органның ведомствосына
және оның өңірлік органдарына, ұлттық гидрометеорологиялық қызметіне
ұсынатын гидрологиялық ақпараттардың тізбесі

№ p/c	Су қойманың атауы	Облыс	Ақпарат түрі	Кезеңділігі	Ақпаратты алатын ұйым
1	2	3	4	5	6
1	Қазақстан Республикасындағы су тасқыны жағдайы туралы ақпарат	Барлық облыстар бойынша	Су тасуы туралы ақпарат	Су тасуы кезеңінде күн сайын	уәкілетті органның ведомствосы және оның бассейндік инспекциялар

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрлігінің кейбір
бұйрықтарына өзгерістер
енгізілетін тізбеге
5-қосымша

Қазақстан Республикасы
ауыл шаруашылығы
министрінің
2015 жылғы 30 қарашадағы
№ 19-1/1051 бұйрығына
1-қосымша
Нысан

Арнайы су пайдалануға рұқсат алуға арналған өтініш

Кімге: _____
(мемлекеттік органның толық атауы)

Кімнен: _____
(жеке тұлғаның аты, әкесінің аты (бар болса), тегі немесе заңды тұлғаның толық атауы)

Өтініш иесінің мекенжайы _____
(индекс, қала, аудан, облыс, көше, үйдің нөмірі, телефон)

Өтініш иесінің деректемелері _____
(жеке тұлғалар үшін - жеке сәйкестендіру нөмірі,

заңды тұлғалар үшін - бизнес-сәйкестендіру нөмірі)

Мыналарға (тиісті ұяшықты белгілеңіз):

пайдалы қатты қазбаларды барлау және (немесе) өндіру кезінде ілеспе алынған жерасты (шахта, карьер, кеніш) суларын, өнеркәсіптік, шаруашылық-тұрмыстық,

сорғытылған, сарқынды және басқа да суларды жерүсті су объектілеріне, жер қойнауына, су шаруашылығы құрылысжайларына немесе жер бедеріне ағызуға;



2003 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Су кодексінің (бұдан әрі - Кодекс) 66-бабының 1-тармағында көрсетілген құрылысжайларды немесе техникалық құрылыстарды қолдана отырып жерасты суларын тарту және (немесе) пайдалануға;



Кодекстің 66-бабының 1-тармағында көрсетілген құрылыстарды немесе техникалық құралдарды пайдалана отырып, жерүсті суларын тартуға және (немесе) пайдалануға рұқсат беруді сұраймын.

1. Жеке немесе заңды тұлға туралы мәліметтер:

1) су пайдалануға жауапты адамның аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, байланыс телефоны _____;

2) олардың көмегімен арнайы су пайдалану жүзеге асырылатын жылжымайтын объектінің кадастрлық нөмірі, техникалық құрылысының түгендеу нөмірі немесе ұнғыманың нөмірі _____.

2. Координаталары көрсетілген жерүсті суларының, ағызылатын сарқынды сулардың, жерасты су көзін алу және (немесе) пайдалану орындары көрсетілген ахуалдық схема қоса тіркеледі және осы өтінішке 1-қосымшаға сәйкес нысанда ұсынылады.

3. Су пайдалану мақсаты _____

4. Арнайы су пайдалану кезінде пайдаланылатын су объектісі туралы ақпарат осы өтінішке 2-қосымшаға сәйкес нысанда толтырылады.

5. Жерүсті суларын, ағызылатын сарқынды суларды, жерасты су көзінен суды алудың және (немесе) пайдаланудың есептік көлемі осы өтінішке 3-қосымшаға сәйкес (гидроэнергетика және ағысты реттеу мақсатында су объектілерін пайдалануды жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғаларды қоспағанда су пайдаланудың әр түріне жеке көрсетіледі) нысанда ұсынылады.

6. Су тұтыну және су бұру көлемдерінің негіздемесі бойынша есептемелерді ұсынатын ауызсу мұқтаждықтары үшін су ресурстарын су дайындау және (немесе) су тұтынушыларға жеткізу үшін алып қоюды, тежеуіш гидротехникалық құрылысжайлардың көмегімен жер үстіндегі ағын суды реттеу жөніндегі қызметті, су объектілерін олардан су ресурстарын алып қоймай пайдалануды, ілеспе алынған жерасты (шахта, карьер, кеніш) суларын ағызуды жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлғаларды қоспағанда, өнімнің бір бірлігіне су тұтынудың және су бұрудың үлестік нормалары және оларды су қорын пайдалану және қорғау, сумен жабдықтау, су бұру саласындағы уәкілетті органның ведомствосымен келісу туралы деректер

(нормалары, келісу күні мен мерзімі)

7. Су пайдалануды бастаудың және аяқтаудың болжамды мерзімі:

Су пайдаланудың басталған күні " ___ " _____ 20 ___ жыл

Су пайдаланудың аяқталған күні " ___ " _____ 20 ___ жыл

8. Су пайдаланушының өндірістік қызметінің сипаттамасы (шығарылатын өнімнің көлемі, қызметкерлердің, қызмет көрсетілетін халықтың саны, қуаты, суарылатын учаскелердің алаңдары) _____

9. Осы өтінішке 4-қосымшаға сәйкес нысанда қайталама су пайдаланушылар тізбесі (арнайы су пайдалануға рұқсат алуға арналған құжаттарға сарқынды суларды беруге немесе қабылдауға өтінімдер қоса беріледі) ұсынылады.

10. Арнайы су пайдалануға бұрын берілген рұқсаттың деректері (нөмірі, берілген күні, кім берді, қолданылу мерзімі, егер бұлар өтініш берушіде бар болса)

11. Су пайдалануды есепке алуға, режимдік байқаулар мен зертханалық талдаулар жүргізуге арналған жабдықтың сипаттамасы (түрі, маркасы, техникалық сипаттамалары, саны, тексеру мерзімі, зертханаларды аккредиттеу саласы) _____

12. Жылу алмасу (нормативтік-таза) суларын бұруды қоспағанда, тазартылған өнеркәсіптік, шаруашылық-тұрмыстық, дренаждық және басқа да сарқынды суларды ағызған кезде - қоршаған ортаға эмиссияға рұқсат

беру туралы деректер _____.

(нөмірі, рұқсаттың қолдану мерзімі)

13. Шаруашылық-ауызсумен жабдықтау үшін жерүсті және (немесе) жерасты суларын жинаған кезде - эпидемиялық маңыздылығы жоғары объектінің халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге және гигиеналық нормативтерге сәйкестігі (сәйкес еместігі) туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды деректері

(нөмірі, берілген күні)

14. Су ресурстарын тиімді пайдалану және су шығынын қысқартуды қамтамасыз ету бөлігінде өтініш иесінің ниеті (Кодекстің 72-бабына сәйкес) (атап өту) _____

Ақпараттық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

Өтініш иесі

аты, әкесінің аты (бар болса), тегі

20 жылғы "___" _____

Өтініш қарауға 20 жылғы "___" _____ қабылданды.

(өтінішті қабылдаған адамның қолы, аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

Арнайы су пайдалануға

рұқсат алуға өтінішке

1-қосымша

Нысан

Жерүсті суларын жинау және (немесе) пайдалану, сарқынды суларды төгу орындарының, жерасты су көздерінің АХУАЛДЫҚ СХЕМАСЫ Масштабы _____ (көрсету)

Су жинау (су бұру) орнының (немесе су объектісінің) атауы	Ахуалдық схемада бұрыштық нүктелермен көрсетілген жер учаскесінің алаңы	Нүктелер №№	Географиялық координаталар					
			бойлығы			ендігі		
			градус	минут	секунд	градус	минут	секунд
	_____ гектар _____ шаршы километр	1						
		2						
		3						
		...						
	_____ гектар _____ шаршы километр	1						
		2						
		3						
		...						
	_____ гектар _____ шаршы километр	1						
		2						
		3						
		...						

Ахуалдық схемада бұрыштық нүктелері көрсетілген жер учаскесінің алаңы _____ гектарды (шаршы шақырым) құрайды.

Ситуациялық карта-схема арнайы су пайдалануға рұқсат алу құжаттарына қоса беріледі.

Арнайы су пайдалануға

рұқсат алуға өтінішке

2-қосымша

Нысан

Арнайы су пайдалану кезінде қолданылатын су объектісі туралы ақпарат

Су объектісінің атауы, негізгі гидрологиялық және гидрогеологиялық сипаттамалар (су шаруашылығы			
---	--	--	--

№	құрылғыларына немесе жергілікті рельефке өнеркәсіптік, коммуналдық-тұрмыстық, дренаждық және басқа да сарқынды суларды ағызу кезінде осы суларды ағызуға және қабылдауға арналған құрылғылардың сипаттамалары көрсетіледі)	Су көзінің (қабылдағыштың) коды*	Арнайы су пайдалану түрі	Пайдалану түрі (коды)**
1				
2				
...				

Ескертпе:

* теңіз - 10, өзен - 20, кеуіп бара жатқан өзен - 21, көл - 30, тоған су қоймасы - 40, құймалы су қоймасы - 40, магистральды арна - 50, магистральды құбыржол - 55, жерасты суы бар қабат - 60, шахта, кеніш, карьер - 61, тік дренаж ұңғымалары - 62, коллекторлық-дренаждық желі - 70, өзен желісімен байланысы жоқ коллекторлар - 71, жерүсті су объектілеріне жететін коллекторлар - 72, суармалы диқаншылық алаңдары - 80, жинағыштар - 81, жергілікті рельеф - 82, фильтрациялау алаңы - 83, су құбыры желілері - 90, кәріз желілері - 91.

** ША - шаруашылық-ауызсу, Ө - өндірістік, АШ - ауыл шаруашылығын сумен жабдықтау, ТС - тұрақты суару, ЛС - лиманды суару, ЖС - жайылымдарды суландыру, ШС - шабындықты суару, ТБШ - тоғанды балық шаруашылығы, ГҚ - арналардағы қабаттарды қолдау, ПҚ - пластағы қысымды қолдау, ҚСТ - құймалы су қоймаларын толтыру, СТ - суды тасымалдау, ПТ - пайдаланбай тапсыру, ӨБ - өзге бассейнге берілді, ӨМ - өзге мемлекетке берілді, АШ - арналарды шаю, СӨ - санитариялық өткізгіштер, ГЭ - гидроэнергетика, ТБ - тағы басқалары.

Арнайы су пайдалануға
рұқсат алуға өтінішке
3-қосымша
Нысан

Жерүсті суларын, ағызылатын сарқынды суларды, алынатын жерасты суларын алудың және (немесе) пайдаланудың есептік көлемі

Арнайы су пайдалану түрі _____

№	Айлар	Текше метр/тәулігіне	Текше метр/айына
1	2	3	4
11	Қаңтар		
22	Ақпан		
33	Наурыз		
44	Сәуір		
55	Мамыр		
66	Маусым		
77	Шілде		
88	Тамыз		
99	Қыркүйек		

110	Қазан		
111	Қараша		
112	Желтоқсан		
Жылына жиыны, текше метр/жылына			

Арнайы су пайдалануға
рұқсат алуға өтінішке
4-қосымша
Нысан

Қайталама су пайдаланушылардың тізбесі

№	Су пайдаланушылардың атауы	Су пайдаланушының суды пайдалану мемлекеттік есебі (СПМЕ) коды (бар болған жағдайда)	Есептік көлемі (текше метр/жылына)	Су пайдалану мақсаты	Шарттың нөмірі және күні
1	2	3	4	5	6
1					
2					
3					
4					
...					
Жылына жиыны, текше метр/жылына					